

ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ ИГІ ІСТЕ ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАНЫТУҒА МІНДЕТТІМІЗ

**УНИВЕРСИТЕТ
РЕКТОРЫ
студенттердің
сұрақтарына
тікелей эфирде
жауап берді**

3-бет

Ғалым-ұстазбен кездесті



4-бет

**Ұлы Абай мұрасы –
өскелең ұрпақты рухани
жаңғыртушы әлеуеті**



6-бет

**Дистанционное
обучение и подготовка
к сессии ЗКГУ
им.М.Утемисова:
плюсы и минусы**

12 стр.

ВОЛОНТЕРСТВО



14 стр.

Бүгінгідей бүкіл әлем алаң күй кешіп, ұлт саулығы сынға түскен қазіргі сәтте де баршаны сабырға, байсалдылыққа шақырып, тағы да ел халқына сөзін арнаған Елбасының бұл мақаласының айтары бірлігі мығым ел ғана әр қиындықты еңсеретінін жеткізді деп ойлаймын.

Әлемге тараған жаман індет дерті барша адамзатқа қауіп-қатер төндіріп отырғаны баршаға аян. Әлем мемлекеттері аталған дертке қарсы тығырықтан шығатын жол іздеп, бүгінгі заманның бар күш-қуатын, ақыл-ойы мен ғылым білімінің жетістігін ортақ мақсат жолына бірлесе жұмылдырып, бірлікте әрекет етіп жатқанын баса айтқан Елбасы мемлекетіміздің де аталған игі мақсатқа бағытталған іс-шаралардың барлығына қолдан келгенше үлес қосып жатқанын жеткізді. Осы игілікті істің бәріне де елім дейтін әрбір азаматтың бірлесе қолдау көрсетуі қашанда парыз.

Болашақ үшін, алда күтіп тұрған осындай алмағайып замандар сынағын еркін еңсеру үшін қоғамның әр саласы бойынша атқарылған реформалардың дұрыс болғанын өмірдің өзі дәлелдеп келе жатқанын да тілге тиек етті. Бірдің емес, мыңның қамын ойлайтын әр адам осындай қысылтаяң шақта құр айғайдың күшіне ермей, ел игілігі үшін қызметке қадам жасағаны дұрыс екенін айтып өткен Елбасы ғайбат пен байбалам орнына ғылым-біліммен айналысу керектігін де баса айтты деп ойлаймын. Елбасы дәл қазіргі таңда ел халқына бүкіл адамзат өркениетін сүріндіретін емес, барша әлем халқын сүйіндіретін жаңашыл саясат керек екенін орынды жеткізгені айқын.

Елбасы айтқандай, кез келген қиындық адамды тығырықтан шығуға, өзгеше

ойлауға, қалыптасқан жұмыс тәсілдерін жетілдіруге бастары сөзсіз. Ал бұл ғылым мен технологияны дамытуға, сергек өмір салтын қалыптастыруға алып келетіні де айқын. Қазір адамдар біртіндеп қағазбастылықтан арылып, қашықтан жұмыс істеу режиміне көшуіне алдын ала жоспарланып, кеңінен ойластырылған шаралардың арқасында ғана мүмкін болып отырғанын атап өтті.

Осы орайда білім саласына қатысты айтар болсақ, оның ішінде жоғары білім беру саласындағы қадамдар оңтайлы жүзеге асырылып жатқанын айтуға болады. Орта мектеп үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан барлық жағдайлар жасалып, мектеп оқушылары қашықтан білім алудың алғашқы аптасын бастап кетті. Республикалық телеарналар арқылы сабақтардың өтіп, өзге де білім платформаларының іске қосылуы оңтайлы шешімнің дәлелді бір көрінісі дер едік. Интернет байланысы баяу немесе қол жетімсіз шалғай аудандардағы білім алушылар үшін телеарна арқылы өтетін сабақтардың маңызы зор деп санаймын.

Жоғары білім беру жүйесіне келер болсақ, бұдан бұрын да қашықтан білім беру жүйесі бойынша бағдарламамен жүйе жасақталған болатын. Бүгінгі таңда білім алып жатқан студенттер мен магистранттарымыз үшін де қашықтан білім беру үрдісі оңтайлы жүзеге асырылуда. Оқытушылармыз



да қашықтан білім беру үрдісін бірқатар білім беру платформаларында жұмыс жасап, ақпараттық жүйе бағдарламалары арқылы тиімді жүзеге асыру мақсатында бар күш-жігерлерін жұмсауда.

Елбасы аталған мақаласында сөзін алдымен аға ұрпаққа арнай отырып, жас ұрпақты еңбекке, білім алуға, қатарының алды болуға тәрбиелеуге шақырып, бүгінгі жас буынға кемеңгер ақын Ұлы Абайдың «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесең - істің бәрі бос» деген өсиетін арнады. Жас ұрпақтың білім алуын сындарлы кезде әлсіретпей, қолдан келгенше бар жағдайды жасап, білім алуына үлес қосу үшін ұрпақ алдында біз де зор жауапкершілік танытуға міндеттіміз. Білге қағаннан қалған сонау ғасыр еншісіндегі қанатты сөз бар, «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ» деген. Осы жас ұрпақ үшін игілікті іс атқаруда да бізге де ең қажетті құндылық, ол бірлік қана дер едік.

Нұрлан СЕРҒАЛИЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры

КАРАНТИН!

Терезеге байландым. Көңіл түзде.
Биыл көктем ұқсайды қоңыр күзге.
Жаға жайлау жүргесін жатқан шығар
Өмір жайлы үйретіп ӨМІР бізге.

Өз пәтерің болғанмен таза мекен,
Жалғыздықтан ЖАН жүдеп азады екен.
Кең далаға сыймайтын қазақ үшін
Қабырғаға қамалған азап екен...

Дүр сілкінді ДҮНИЕ, рас, түтігіп,
Жүрсе екен деп көрі мен жас күтініп.
«ӨЛМЕЙМІЗ!»- деп әйелдер ақ кебіннің
Матасын жыртып отыр маска тігіп.

Қара жерді қауіппен басып жүрміз,
Аштық келмей, айлық ас тасып жүрміз.
Көрінбейтін пәлекет жабысардай
Көрінгеннің бәрінен қашып жүрміз.

Арпалысып ҮРЕЙің ҮМІТпенен,
Індет кірсе, кетердей іріп денең,
Асыраушың болғаны естен шығып,
Қолыңа да қарайсың КҮДІКпенен.

Өліарада түседі араша кім?
Басы қатып кеткендей қарашаның.
Қымбат иіс суларың сіресіп тұр,
Сөрелерде қалмапты қара сабын.

Жазыла ма белгісіз ғазал жаңа,
Кімді келер білмейміз назарға ала.
Алаамас байсың деп, кедейсің деп
Адамдарды бөлмейді АЖАЛ ғана!

Қаша алмайсың, аңсама құр ондайды.
Блокпосттар сырыңды ұға алмайды,
Ешбір жанды себепсіз кіргізбейді,
Ешбір жанды себепсіз шығармайды!

Алыстағы аңқылдақ ауыл қайда?
Барушы едім жылда бір сәуір, майда.
Уысыңа сыйғызып бар тәттіні
Туысыңа жете алмау - ауыр қайғы ә?!

Басымызды әр жаққа ала қашпай,
Бір болғанда сынбаймыз қара ағаштай.
ТІРШІЛІКті тоқтатып сағынасқа та,
ТІРІ ЖАНмен отырымыз араласпай.



Жолымды енді дегендей тұсатпаймын,
Қозғалады пойыз бен ұшақ қай күн?!
Ей, АДАМДАР, үйімнен шыққан күні,
Ел аралап бәріңді құшақтаймын!

ЖАНСАЯ МУСИНА

И еще раз об усилении языковой подготовки

На базе платформы WEBEX в дистанционном формате состоялось заседание УМО-ГУП подготовительного отделения по усилению языковой подготовки при ЗКГУ им.М.Утемисова.

В его работе приняли участие представители вузов, осуществляющих обучение слушателей подготовительного отделения, региональных отделов образования, молодежных общественных объединений, ресурсных центров, учителя средних общеобразовательных школ, Назарбаев интеллектуальной школы и др.

С приветственным словом выступил ректор ЗКГУ им.М.Утемисова, председатель УМО – Сергалиев Н.Х., он обозначил текущие задачи УМО, пожелал участникам заседания плодотворной работы.

Модератор заседания, заместитель председателя УМО, проректор по учебно-методической работе ЗКГУ им.М.Утемисова Тасмагамбетов А.С. отразил деятельность УМО за истекший период.

На заседании УМО в соответствии с повесткой дня были обсуждены актуальные вопросы, касающиеся подготовки слушателей языкового отделения, требований к поступающим на подготовительные отделения, содержания образовательной программы, обеспеченности учебной и учебно-методической



литературой по направлению подготовки и др.

Преподаватели, ведущие занятия на подготовительных отделениях, поделились опытом работы со слушателями, в том числе в условиях дистанционного обучения.

В ходе заседания представители КазНУим. Абая, СГКУим.М.Козыбаева, ТарГПУи другие внесли свои предложения и рекомендации по дальнейшей деятельности УМО.

По итогам онлайн-заседания УМО по рассматриваемым вопросам были приняты решения и рекомендации, намечены задачи для дальнейшей эффективной работы.

НАУЧНО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

На педагогическом факультете 17 апреля 2020 состоялась международная научно-практическая конференция «Научно-методологические основы развития дистанционного обучения в современных условиях». Организаторами конференции выступили Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова. В работе конференции также приняли участие ППС Оренбургского государственного педагогического университета и ППС Калмыцкого государственного университета им. Б.Б.Городовикова.

Модераторы: Ергалиева Гульжан Алгазиевна, к.п.н., доцент, декан педагогического факультета ЗКГУ им. М.Утемисова;

Айтжанова Акмарал Сагентаевна, магистр педагогических наук, замдекана педагогического факультета по ВР ЗКГУ им. М.Утемисова;

Баюканская Светлана Феликсовна, магистр психологии, старший преподаватель кафедры дошкольное и начальное образование ЗКГУ им. М.Утемисова.


Конференция позволила обменяться опытом и объединить усилия педагогов Республики Казахстан и Российской Федерации в решении обозначенных проблем.

В рамках конференции функционировали пленарное заседание и две панельные дискуссии. С приветственным словом участникам

конференции обратился кандидат географических наук, ассоциированный профессор, проректор по научной работе и международным связям ЗКГУ им. М. Утемисова Ахмеденов К.М.

На пленарном заседании выступили к.п.н., доцент, декан педагогического факультета ЗКГУ им.М.Утемисова Ергалиева Г.А. с докладом на тему «Теоретические и практические аспекты дистанционного обучения» и кандидат психологических наук, доцент, зав. кафедрой специальной психологии ФГБОУ ВО ОГПУ Королева Ю.А. «Научно-теоретические основы и практика дистанционного обучения в вузе».

На первой панельной дискуссии выступили: Кекеева З.О. - д.п.н., профессор, декан факультета педагогического образования и биологии КалмГУ «Проблемы гуманизма и самоизоляции условиях организации дистанционной формы обучения», а также Воронова А.А. - к.п.н, доцент кафедры специальной психологии ФГБОУ ВО ОГПУ - «Возможности системы управления курсами moodle для организации дистанционного обучения студентов» и Кенжегалиева А.Ж. - магистр, преподаватель



кафедры педагогики и психологии ЗКГУ им.М.Утемисова «Особенности дистанционного обучения студентов с особыми образовательными потребностями».

Вторую панельную дискуссию открыла магистр, замдекана педагогического факультета по ВР Айтжанова А.С., далее выступили с докладами, заведующая кафедрой физического воспитания Демченко Л.В., старшие преподаватели, магистры - Маденова Л.М. и Балыков Б.А.

По итогам семинара состоялся обмен научно-теоретическим и практическим опытом, в процессе которого были рассмотрены варианты решения актуальных проблем развития дистанционного обучения в современных условиях. Учитывая актуальность тематики в условиях чрезвычайной ситуации, планируется продолжить проведение информационно-образовательных мероприятий, привлекая как отечественных, так и зарубежных ученых, работающих в формате дистанционного обучения.

Деканат педагогического факультета

ЖАҢАЛЫҚТАР

НОВОСТИ

■ **Ғылыми кітапхана қызметкерлері ZOOM бағдарламасы арқылы онлайн түрде вебинар өткізді.**

Вебинарда оқытушылар құрамы мен магистранттар, студенттерге қашықтан оқытуда аппараттық ресурстардың қолданылуын, электрондық кітапханаларды пайдаланудың алгоритмын айтып, көрсетіп берді. Шара барысында магистранттар толғандырған сұрақтарына жауап алып, қатысушылардың тарапынан ұсыныстар мен талап – тілектер тыңдалды.

■ **В рамках празднования Дня науки проведен международный онлайн-семинар по WhatsApp по международному научному сотрудничеству.**

В работе семинара приняли участие: Кузовенко Александр Евгеньевич – российский ученый зоолог, заместитель директора по зооветчасти ГБУ «Самарский зоопарк» (РФ), Шпигельман Михаил Иосифович – орнитолог, научный сотрудник лаборатории природного наследия, сохранения биоразнообразия и геоботаники ЗКГУ им.М.Утемисова (РК) и Ахмеденов Кажмурат Максумович - географ, кандидат географических наук, ассоциированный профессор, доцент кафедры географии ЗКГУ им.М.Утемисова (РК). Были обсуждены итоги совместных исследований полевых сезонов 2018 и 2019 годов и перспективы проведения дальнейших научных исследований. К примеру, результатом сотрудничества стала публикация совместного научного сообщения о новых встречах черного грифа в ЗКО в престижном научном журнале о пернатых хищниках Восточной Европы и Северной Азии «Пернатые хищники и их охрана / Raptors Conservation». Обсуждены вопросы по распространению и численности краснокнижных видов животных, проведено сравнение с ситуацией в Самарской области. Принято решение о подготовке статьи по распространению пеликана в ЗКО для публикации в Вестнике ЗКГУ им.М.Утемисова. Обсуждены планы экспедиции на 2020 год.

■ **23 апреля в рамках «Capstone Project» прошла онлайн-лекция для студентов факультета истории, экономики и права на тему: «Безгражданство в мире и Центральной Азии: проблемы и пути их решения». Спикером лекции выступил заместитель директора Казахстанского Международного бюро по правам человека и соблюдению законности Денис Дживага.**

Описание лекции: Ситуация с безгражданством в Казахстане - ровесница нашей Независимости и, конечно, возникла вследствие распада Советского союза. Казахстан одним из первых в странах СНГ начал процедуру идентификации и определения гражданской принадлежности, но при этом до конца так и не смог искоренить проблемы безгражданства. К сожалению, пока так и не ратифицированы основные конвенции по сокращению безгражданства. Также законодательство Казахстана о гражданстве и правовом положении иностранных граждан нуждается в серьезной модернизации.

В лекции Дениса Дживага, на тему «Безгражданство в мире и Центральной Азии: проблемы и пути их решения» были отражены проблемы и достижения Казахстана и Центрально-азиатских стран в области сокращения безгражданства.

Безусловно, рассмотренные вопросы лекции остаются открытыми, но тем не менее, вызвали большой интерес у аудитории.

■ **М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Тарих, экономика және құқық факультетінің құқықтану мамандығының юр-41 тобының студенттері 27 қаңтар-25 сәуір аралығында өндірістік тағылымдамадан өтуге жолдама алған болатын. Тағылымдамадан өтушілер Еңбек инспекциясы, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты мен тағы да басқа мемлекеттік органдарда тәжірибе жинақтады.**

Мемлекеттік органдардың қызметімен іс жүзінде танысқан машықкерлер университет қабырғасында алған білімдерін толықтырып, шыңдай түсті. Елімізде енгізілген төтенше жағдай салдарынан мемлекеттік органдардың жұмыс тәртібін онлайн режимге алмастыру студенттеріміздің бұл қиын кезеңде де мемлекеттік қызметтің жұмыс тәртібінен шет қалмауына септігін тигізді. Университетіміздің болашақ түлектері өндірістік тәжірибелерін жоғары деңгейде өткізіп, сәтті аяқтады.

УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ СҰРАҚТАРЫНА ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ ЖАУАП БЕРДІ

24 сәуір күні университетіміздің ректоры Нұрлан Серғалиев студенттердің сұрақтарына тікелей эфирде жауап берді. Баршамызға белгілі, төтенше жағдай кезінде жалғасын тапқан оқу аптасының аяқталуы жақындап келеді. Барлық жоғары оқу орындары секілді М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде де 9-аптадан бастап, қашықтан оқыту технологиясы негізінде бар мүмкіндікті оңтайлы пайдаланып, жүзеге асырылған қашықтан оқу аптасы да аяқталуға жақын. Алда 2-рубеждік бақылау мен 2-рейтинг қорытындысынан кейін емтихан апталары басталады. Университет ректоры осы уақытқа дейін орын алған төтенше жағдай кезіндегі қиындықтарға қарамастан, барлық студенттер мен магистранттарға үлкен жауапкершілік танытқандары үшін алғысын білдірді.

Білім алушыларды толғантқан ба-сты сұрақ ол – сессия барысы, емтихан тапсыру түрлері.

Академиялық күнтізбеге сай оқу үрдісінде 4 мамырдан бастап көптеген білім алушылар үшін оқу, кәсіптік, тілдік сарамандар басталады. Олардың түрлеріне, мерзіміне, өту базаларына байланысты қашықтан жүреді, кей түрлері алдағы уақытқа өзгертіледі. Себебі кәсіпорындар базасында өтетін сарамандарда қиындық тұмауы үшін карантиндік кезең аяқталған уақытқа қою жоспарланып отыр. Ал оқу сараманы бірінші курстар үшін қашықтан өте береді.

1-3 курс студенттері (бакалавр), 1-курс магистранттарының жазғы емтихан сессиясын тапсыру барысы бекітілген уақыты бойынша академиялық күнтізбеге сай өтеді. Қорытынды бақылауды өткізудің түрлері: Платонус жүйесінде тест тапсыру, жазбаша емтихандар,

кейстік үлгідегі емтихан, портфолио қорғау, шығармашылық жұмыс, ауызша емтихан арқылы тапсырады.

Емтихан сессиясы кезінде қиындық туып отырған, интернет қолжетімсіз болып, емтихан тапсыру мүмкіндіктері жоқ студенттер үшін сессия тапсыру мерзімі маусым айына шегеріледі (30 маусымнан кейінге қалмай). Ол үшін білім алушы студент не магистрант алдын ала кураторына, факультет деканатына ескертуі қажет. Мұндай студенттердің тізімі жасақталып, академиялық

мәселелер жөніндегі департаментке тапсырылады. Емтихан кестесі жасалып, кейін тапсыра алады.

Кей пәндерден тест емтиханы Platonus жүйесімен тапсырылады. Емтихан бекітілген уақыт бойынша өтеді. Бұрын 45 минут уақыт берілсе, алдағы тест емтихандарында 60 минут уақыт берілгелі отыр. Егер де, жүйеде техникалық себептер орын алған жағдайда (білім алушының тарапынан тыс, дәлелді ұсынған жағдайда), тестілеуді аяқтай алмайтын жағдай орын алса, емтихан

басқа уақытқа ауыстырылады.

Қорытынды мемлекеттік емтихандар мен диплом жұмыстарын қорғау, кешенді емтихандар мамандық бойынша online режимде (ZOOM, WhatsApp, MicrosoftTeams т.б.) өтеді. Бұл қорытынды емтихандар мен қорғау жұмыстарының мерзімі, ол туралы толық ақпарат алдын ала беріледі, түсіндірме жұмыстары жүреді, емтихан кестелері алдын ала университет сайтында жарияланады, нұсқаулықтармен таныстырылатын болады.

Оқу ақысын төлей алмаған жағдайда, білім алушы алдын ала ескертіп, қолхат жазуына болады, оқу ақысын кешіктірген жағдайда емтихан тапсыруға рұқсат беріледі.

Университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы инстаграм парақшасында тікелей эфирде емтихан сессиясына қатысты осы сынды және өзге сұрақтарға жауап берді. Тікелей эфир алаңына 856 адам кірсе, 300-ден астам қатысушыдан сұрақ келіп түскен болатын.

Университет ректоры емтихан сессиясын қашықтан тапсыру алғаш рет жүзеге асырылғалы отырғанын айтып өтіп, барлық білім алушыларымыз үшін де, профессор-оқытушылар үшін де сынақ екенін жеткізді. Төтенше жағдай кезінде сессия барысында орын алып жатқан барлық мәселелерге университет басшылығы қолдау білдіріп, бұл қиындықты да бірлесе, бірге еңсеріп өткереміз деген үлкен сенім білдірді.

Уважаемые коллеги, ветераны педагогического труда, магистранты и студенты Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова!

Сердечно поздравляю вас С ДНЕМ КАЗАХСТАНСКОЙ НАУКИ!

С самого своего основания наш вуз был известен как авторитетный научный и образовательный центр Приуралья.

Благодаря сохранившимся научным традициям и преемственности знаний ЗКГУ им.М.Утемисова вот уже на протяжении 90лет вносит огромный интеллектуальный вклад в социально-экономическое развитие региона.

Коллектив университета по праву гордится своими научными школами и многими поколениями ученых и успешных исследователей, которые и сегодня продолжают прославлять имя нашей Alma mater.

Заслуги наших ученых вдохновляют нас сегодня развивать актуальные направления фундаментальных и прикладных исследований, расширять международные связи в сфере науки и образования, укреплять учебно-лабораторную базу. В стенах университета ведется эффективная научно-исследовательская работа студентов, магистрантов, которые регулярно участвуют и побеждают в международных и республиканских конкурсах, завоевывают гранты.

В этот знаменательный день хочется выразить благодарность каждому, кто, не жалея сил, вкладывает свои знания и умения в науку, в исследование, в подготовку квалифицированных кадров и в развитие прогресса.

Желаю Вам дальнейших творческих успехов и новых открытий, исследовательской смелости и осуществления своих замыслов, достойных учеников и признания заслуг. Здоровья и благополучия вам и вашим семьям! Пусть имена ваши с благодарностью и уважением произносятся будущие поколения!

**Ректор ЗКГУ им.М.Утемисова,
Нурлан СЕРГАЛИЕВ**



В рамках празднования Дня науки проведен международный онлайн-семинар по WhatsApp по международному научному сотрудничеству. В работе семинара приняли участие: Кузовенко Александр Евгеньевич – российский ученый зоолог, заместитель директора по зооветчасти ГБУ «Самарский зоопарк» (РФ), Шпигельман Михаил Иосифович – орнитолог, научный сотрудник лаборатории природного наследия, сохранения биоразнообразия и геоботаники ЗКГУ им.М.Утемисова (РК) и Ахмеденов Кажмурат Максумович - географ, кандидат географических наук, ассоциированный профессор, доцент кафедры географии ЗКГУ им.М.Утемисова (РК).

Обозначены новые перспективы исследования

Были обсуждены итоги совместных исследований полевых сезонов 2018 и 2019 годов и перспективы проведения дальнейших научных исследований. К примеру, результатом сотрудничества стала публикация совместного научного сообщения о новых встречах черного грифа в ЗКО в престижном научном журнале о пернатых хищниках Восточной Европы и Северной Азии «Пернатые хищники и их охрана / Raptors Conservation». Обсуждены вопросы по распространению и численности краснокнижных видов животных, проведено сравнение с ситуацией в Самарской области. Принято решение о подготовке статьи по распространению пеликана в ЗКО для публикации в Вестнике ЗКГУ им.М.Утемисова. Обсуждены планы экспедиции на 2020 год.

Бөлме өсімдіктерінің өсуі мен дамуына биологиялық стимулятордың әсері

Қазақстанның ғылыми қызметкерлері күніне орай 16 сәуір күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жаратылыстану-география факультетінің ұйымдастыруымен «Бөлме өсімдіктерін өсіру мен дамуына биологиялық стимулятор ретінде әсер ету» тақырыбында дөңгелек үстел «ZOOM» бағдарламасын пайдаланып, онлайн өткізілді.



Дөңгелек үстел жұмысына «Биология» білім бағдарламасының студенттері мен факультеттің профессор-оқытушылар құрамы белсене қатынасты. Дөңгелек үстелді модератор, факультет деканы А.А.Тургумбаев алғысөзбен бастап, дөңгелек үстел жұмысына сәттілік тіледі. Жұмыс барысында биология және экология кафедрасының аға оқытушысы Ж.С.Кажмуратова бөлме өсімдіктерін биологиялық жолмен күтіп-бағу бағытында сөз қозғаса, «Биология» білім бағдарламасының 1-курс студенттері А.Асқарова «Замиякулькас өсімдігінің күтімі», А.Гатау «Слатифуллум өсімдігінің биологиялық сипаттамасы мен күту ерекшелігі» және 2-курс студенті Г.Смағұлова «Өсімдіктерді көбейтуде фитогормондарды қолдану» тақырыбында баяндама жасады. Дөңгелек үстел соңында сұрақтар қойылып, «AQJAIYQ» телеарнасында осы бағыттағы тақырып бойынша жасалған Ж.Кажмуратованың бейнебаяны көрсетілді.

Жаратылыстану-география факультетінің деканаты

Ғалым-ұстазбен кездесті



Кездесу жұмысына факультеттің профессор-оқытушылары, магистранттар мен студенттер және ғалым-ұстаздың шәкірттері қатынасты. Кездесуге қонақ ретінде Алматы қаласының Қазақ Ұлттық қыздар университетінің ұстаздары Нұрсипа Нұрсайынқызы Карменова мен Күләш Нұрбергенқызы Мамирова және Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінен Айгүл Мақсатқызы Сергеева қатынасты. Кездесу барысында ұстаз Татьяна Александровна ғылымдағы өмір жолын айтып, география ғылымының қазіргі мәселелеріне тоқталды. Сөз барысында өзінің ұстаздары Ю.Г.Саушкин мен С.А.Ковалев туралы ой қозғап, олардың еңбектеріне тоқталды. Кездесу соңында қатысушы қонақтарымыз сөз алып, өз алғыстарын білдірді. Кездесу «Табиғат – қоғам – шаруашылық» аталатын география ғылымының ең басты қағидасын түсіндірген, ғалым-ұстаз Татьяна Александровнаға зор денсаулық, қажымас қайрат, шәкірттері география ғылымының ұлы ғалымдары қатарына қосылсын деген ізгі тілекпен қорытындыланды.

СТУДЕНТТІК ОЛИМПИАДАДАН КЕЙІНГІ ОҰЛАР: ӨСУГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА СТИМУЛ МЕН ЖАҢА БАҒЫТ

Қазақстанның ғылыми қызметкерлері күніне орай 16 сәуір күні мәдениет және өнер факультетінде «Студенттік олимпиададан кейінгі ойлар: өсуге арналған жаңа стимул мен жаңа бағыт» атты тақырыпта профессорлық-оқытушылар құрамы мен магистранттар, студенттері арасында талдау бағытында ұйымдастырылды.

Ғылыми апталық аясындағы шара «ZOOM» байланысы арқылы жүргізілді. Дөңгелек үстел модераторы, факультет деканы PhD доктор, доцент Қарлығаш Рахымқызы Кажимова наурыз айында ұйымдастырылған республикалық студенттік пәндік олимпиададан жүлделі оралған студенттерді құттықтады. Одан кейін хореография және мәдени тынығу жұмысы кафедрасының оқытушысы, магистр Елекенова Ардақ Бекмирасқызы Алматы қаласында Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында өткізілген жоғары оқу орындары студенттерінің XII пәндік олимпиадасының өту барысы туралы баяндады. Кезегімен сөз бастаған «Режиссура» мамандығының 2 - курс студенті, Мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканы Қоблан Мирас олимпиададан алған әсерімен бөлісіп, қолдау көрсеткен университет басшылығына барша студенттер атынан алғысын білдірді. «Режиссура» мамандығының 2- курс студенті Нұрқуат Дана олимпиадаға қатысу арқылы тәжірибе алмасу алаңынан өткендіктерін, аталмыш сайыс жаңа бастамалар, тың ізденістерге жол ашқанын атап өтті. Алдағы уақытта академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алып, ұйымдастырылатын шеберлік-класс пен семинар-тренингтерге қатысу өздерінің өсу жолында көп септігін тигізетінін айтты. Мамандықтың 2-курс студенті Төлеуғалиева Айкөркем олимпиада еліміздегі танымал театр педагогтарының алдында өнер көрсетіп, олардың бағасы мен кеңестерін алғанын атап өтіп, алдағы уақытта қойылым формасын іздеуде, оны көрерменге жеткізу тілін таңдауда қай бағытта шыңдалу керек деген сұрақтарға жауап алғандығы жөнінде айтты. Одан соң осы мамандықтың 2-курс студенті Бейбітов Айбек топ студенттері жұмыла жұмыстанып, ауызбіршіліктерінің арқасында университет намысын сәтті қорғағандарын жеткізді. «Сахна тілі», «Режиссура» пәндері бойынша жүлделі III орынға

лайық деп танылғандарын атап, олимпиадаға арналған сапар топ студенттерін мамандықтары бойынша ғылыми ізденістер жасауға талпындырғанын, биік шыңдарды бағындыруға шабыттандырғанын атап өтті. Конференция барысында сөз алған «Режиссура» мамандығының оқытушысы Сұлтанова Меңдігүл Есләмғалиқызы әркез ізденісте жүретін студенттердің еңбегін бағалап, болашақтарына ақ жол тіледі. Мамандық бойынша олимпиададан кейінгі ойын қорытындылаған оқытушы Елекенова Ардақ Бекмирасқызы республикалық сайыста жетекшілік жасаған оқытушылардың еңбегін ерекше атап өтті. Студентке сапалы білім беруге жаңашыл қандай бағыттарды ұстану керек, еліміз бойынша театр педагогикасы қандай дәрежеде дамып келеді, мамандық бойынша жаңа заманғы бағдар қандай аспектілерден құралады, білім көшінің алдыңғы қатарында болуымыз үшін қай ұстанымды өзгертіп, қандай жаңашыл қадамдарға баруымыз керек деген секілді сұрақтарға жауап ала алғандығын айтты.

Келесі сөз кезегін алған «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының оқытушысы Качекова Шынар Ердайынқызы да өз пікірімен бөлісті. Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясына сәндік өнер мамандығы бойынша олимпиадаға Жұбан Айкөркем тоқыма бөлімінен барса, Көбенов Қанат металл бөлімінен барды. ДИ-31, ДИ-21 тобының студенттері Жұбан Айкөркем мен Көбенов Қанат екі бағытта жұмыс жасағаны жөнінде баяндады. Бірінші бағыты - графикалық, екінші - түрлі – түсті бағыт, тақырыбы «Ұлы даланың жеті қыры» болды. Олимпиаданың жоғары деңгейде өткенін, жүлделі үшінші орынға ие болған жетістіктерімен бөлісті. Конференцияны қорытындылаған факультет деканы студенттерге, магистранттарға, әріптестеріне сәттілік тілеп, ізгі ниетін білдірді.

Мәдениет және өнер факультетінің деканаты



Химияны ағылшын тілінде қашықтан оқытуды ұйымдастыру

Қазақстанның ғылыми қызметкерлері күніне байланысты 15 сәуір күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жаратылыстану-география факультеті химия кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен «Химияны ағылшын тілінде қашықтан оқытуды ұйымдастыру» атты студенттердің ғылыми конференциясы «ZOOM» бағдарламасы арқылы қашықтан өткізілді.

Конференция жұмысына онлайн түрде «Химия» білім бағдарламасының студенттері мен кафедраның профессор-оқытушылар құрамы белсене қатынасты. Конференцияны химия кафедрасының оқытушысы, магистр А.Р.Кенжеғалиева жүргізді. Конференция барысында кафедра оқытушысы, магистр О.Ж.Ерошев «Термодинамиканың негізгі түсініктері» тақырыбында баяндаса, студенттерге ағылшын тілінде «Chemical equipments» тақырыбында негізгі баяндаманы магистр А.Р.Кенжеғалиева жасады. Сонымен қатар, оқытушы Қ.Қ.Меңдіхан «Chemical formulas» тақырыбындағы баяндамасында студенттерге химиялық формулалардың ағылшын тілінде дұрыс оқылуын көрнекіліктерді пайдалана отырып түсіндірді. Конференция барысында «Химия» білім бағдарламасының 3-курс студенттері А.Хитарова мен А.Жуматов белсенділік танытып, өз баяндамаларын қорғады. Конференцияның мақсатына жету үшін студенттерге ағылшынша-қазақша сөздік ойыны өткізіліп, студенттердің алған жаңа білімдерін тексеру үшін жазбаша сұрақтармен қорытындыланды. Конференция соңында кафедраның ардагер ұстазы, аға оқытушы Г.Б.Есеева ұйымдастырушылар мен қатынасқан студент-жастарға сәттілік тілеп, студенттердің сапалы білім алуы үшін ғылыми конференциялардың қажеттілігіне тоқталды.

В онлайн-формате на факультете истории, экономики и права ЗКГУ им. М. Утемисова состоялась международная научно-теоретическая конференция «Великая Отечественная война (1941-1945 гг.): опыт и осмысление в исторической науке», посвященная 75-летию Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов. Организатор конференции - кафедра Всемирной истории и социально-политических дисциплин, а также кафедра Истории Республики Казахстан.

Великая Отечественная война (1941-1945 гг.): опыт и осмысление в исторической науке

В работе конференции приняли участие профессорско-преподавательский состав университета, представители общественности, ученые из различных городов и вузов Казахстана и Российской Федерации. Со вступительной речью выступила проректор по воспитательной работе и социальным вопросам, кандидат педагогических наук, доцент ЗКГУ им.М.Утемисова Даришева Т.М., модератором конференции являлась заведующая кафедрой Всемирной истории и социально-политических дисциплин Журасова А. Ш.

На конференции были заслушаны доклады: д.и.н., профессора КазНУ им.ал Фараби - Смагулова С.О. /«Источниковое значение военно-периодической печати на казахском языке в годы ВОВ», д.и.н., профессора «Поволжского государственного университета сервиса» - Дубовикова А.М. /«Красное» и «коричневое» казачество в Великой Отечественной войне/, к.и.н., доцента Астраханского государственного университета - Вороновой А.А. // «К проблеме высшего образования в Астрахани в годы Великой Отечественной войны», к.и.н. Актюбинского регионального университета им. Қ.Жубанова - Аликуловой Н. //Военные формирования Актюбинской области в годы Великой Отечественной войны: вклад в победу», к.и.н., доцента Астраханского государственного университета - Лихолета О.В. //«Астраханская диверсионно-разведывательная школа в период битвы на Волге (лето 1942 - весна 1943 гг.), к.и.н. ЗКГУ им.М.Утемисова - Боранбаевой Б.С. //«Героический подвиг казахских девушек на Дальневосточном фронте» (на примере Уральской области). Магистр истории, директор частного фонда «Фонд содействия научным исследованиям» Курумбаев А.Ш. выступил на конференции с докладом на тему: «Братские могилы времен Великой Отечественной войны на территории Бокейординского района ЗКО», а инспектор КГУ «Государственная инспекция по охране

историко-культурного наследия Западно-Казахстанской области Батырханов А.К. посвятил свой доклад теме: «Жанибекский район в годы Великой Отечественной войны» и др.

Конференция стала научной площадкой для обсуждения самых различных проблем, связанных с историей Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. На основе обеспечения научного подхода к изучению истории Великой Отечественной войны и понимания необходимости проведения широкой и всесторонней патриотической работы и формирования у подрастающего поколения чувства гордости за значимый вклад Республики в общую Победу в войне участники конференции выработали рекомендации для дальнейшей работы в данном направлении.

Рекомендации по итогам международной научно-теоретической конференции «Великая Отечественная война (1941-1945 гг.): опыт и осмысление в исторической науке», посвященной 75-летию Победы в Великой Отечественной войне годов:

Подводя итоги научно-теоретической конференции, мы считаем, что новые исследования и новое осмысление истории Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. позволяют нам рассматривать историю Великой Отечественной войны более широко. Победа в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. продолжает оставаться одним из величайших событий современности, которое и сейчас, спустя 75 лет, способствует объединению народов на основе идеалов прошлого, воздействуя на общественное сознание примерами мужества и героизма, бескорыстной любви к Родине, истинного патриотизма, неприятия различного рода националистических, шовинистических и нефашистских доктрин, направленных на уничтожение целых народов и утверждения превосходства одних наций над другими.

Участники научно-теоретической конференции отмечают, что Победа в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. выступает как исторический феномен советских народов, внесших решающий вклад в победу над фашизмом.

Достойный вклад в победу над фашистской Германией внес и Казахстан, в том числе и Западный Казахстан, являвшийся прифронтовой зоной в годы военных событий.

Участники научно-теоретической конференции, всесторонне обсудив проблему, сделали вывод о том, что в исследовании отдельных сторон, направлений и аспектов такого исторического феномена как Победа в Великой Отечественной войне, необходим научный, объективный, непрерывный и целенаправленный подход. Теоретической основой изучения данной темы остается всемирно-историческая и локально-историческая теория, а методологическими принципами являются: научность, объективность, многофакторность, многоуровневость, системность, всесторонность, с опорой на широкую источниковую базу.

На основе обеспечения научного подхода к изучению истории Великой Отечественной войны и понимания необходимости проведения широкой и всесторонней патриотической работы, и формирования у подрастающего поколения чувства гордости за значимый вклад республики в общую Победу в войне участники конференции выработали следующую резолюцию:

Необходимо обеспечить многоуровневый подход к подготовке и проведению мероприятий по празднованию 75-летия Великой Отечественной войны;

Уделять большое внимание сохранению исторической памяти, воспитанию подрастающего поколения в духе уважения и заботы о ветеранах войны и труда;

Продолжить всестороннее сотрудничество с ведущими учеными Российской Федерации и другими странами СНГ, занимающимися ключевыми направлениями истории Великой Отечественной войны

Развернуть широкую разъяснительную и пропагандистскую работу в средствах массовой информации с участием преподавателей вуза;

Организовать конкурс студенческих научно-исследовательских работ по истории Великой Отечественной войны;

Подготовить и издать сборник материалов по итогам данной научно-теоретической конференции.

Кафедра всемирной истории и социально-политических дисциплин факультета истории, экономики и права ЗКГУ им.М.Утемисова

МОЛОДЕЖЬ-ОБРАЗОВАНИЕ-НАУКА

На педагогическом факультете в дистанционном формате состоялась 78-я студенческая научно-практическая конференция «Молодежь-Образование-Наука». Организаторами конференции выступила кафедра физического воспитания Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова.

Модератор: Айтжанова Акмарал Сагинтаевна, магистр педагогических наук, зам.декана педагогического факультета по ВР ЗКГУ им. М. Утемисова.

С приветственным словом выступили:

- Ергалиева Гульжан Алгазиевна - к. п. н., декан педагогического факультета.

- Демченко Людмила Валерьевна - старший преподаватель, заведующая кафедрой физического воспитания.

В работе научно-практической студенческой конференции приняли участие студенты всех факультетов. Заслушали доклады:

Шведовой Анастасии, студентки группы ПиП-22, руководитель - преподаватель кафедры физического воспитания Тюрина Т.И.. Докладчик Шведова А. ознакомила всех с темой влияния физических упражнений на психику человека, выделила характерные черты. Были предложены рекомендации по применению комплекса упражнений для улучшения психологического состояния человека, а также для сохранения уровня ментального здоровья.

Урашева Айжан, студентка группы ИЯ-12, руководитель - старший преподаватель кафедры физического воспитания в своем докладе обратила наше внимание на проблему биологического возраста человека. Знания о сущности биологического возраста и механизмах преждевременного старения могут способствовать решению задачи стимулирования студента к поддержанию активного образа жизни и физической формы, а также своевременного воздействия на состояние своего здоровья.

Копыль Мария, студентка группы ЮР-22, руководитель - старший преподаватель кафедры физического воспитания Федорченко Л.И. Копыль М. обозначила проблемы и составляющие здорового образа жизни, на то, как ведение здорового образа жизни позволяет человеку сохранить свою активность и продлевает жизнь.

Андропова Алена, студентка группы Гео-22 (руководитель - старший преподаватель кафедры физического воспитания Бессмертных П.А..) раскрыла влияние занятий физической культурой на развитие личности. Физическая культура и спорт для человека

являются мощным средством самопознания, самовыражения и самоутверждения в жизни.

Представленные доклады носили как экспериментальный характер, так и научно-познавательный. Докладчики использовали иллюстрационный материал. Каждому выступающему задавались вопросы.


В завершение конференции состоялся обмен научно-теоретическим и практическим опытом, в процессе которого были рассмотрены варианты решения актуальных проблем ЗОЖ, физической культуры и спорта в современных условиях. Учитывая актуальность тематики в условиях чрезвычайной ситуации, планируется продолжить проведение информационно-образовательных мероприятий, привлекая к участию студенческую молодежь и всех желающих. В пространстве онлайн работы научно-практической конференции была представлена возможность демонстрации, обсуждения разнообразных тем научно-исследовательских работ по проблеме формирования навыка здорового образа жизни. Профессорско-преподавательским составом кафедры физического воспитания отмечена положительная динамика в качестве подготовки работ, представленных студентами, рекомендовано совершенствовать мастерство как учебной, так и научной направленности.

По итогам работы конференции предложено:

1. Содействовать разработке и реализации индивидуальных студенческих программ, направленных на укрепление и здоровья студентов, обучение студентов методам и способам профилактики, основам оказания первой помощи.

2. Продолжить работу по организации внеаудиторной деятельности студентов (кружки, клубы, секции, занятия в спортивных и тренажерных залах и т.п.).

3. Проводить культурно-массовые мероприятия, направленные на пропаганду активного и здорового образа



жизни, противодействие распространению табакокурения и иных асоциальных явлений в молодежной (студенческой) среде.

4. Поощрять студентов, активно участвующих в пропаганде здорового образа жизни, оздоровительных, спортивно-массовых мероприятиях различного уровня.

5. Проявлять личную заинтересованность в решении проблем оздоровления студенческой молодежи.

6. Активно использовать информационно-технические ресурсы для демонстрации научных достижений в области оздоровления организма человека, занятий физическими упражнениями и спортом на разных возрастных этапах.

В работе онлайн-конференции принимали участие студенты 1-2 курсов очной формы обучения всех специальностей, преподаватели, гости конференции;

- всего представлено 10 докладов;
- иллюстрационный материал использовался в 90% работ

- были применены современные информационные технологии: онлайн-трансляция конференции ZOOM;

По итогам конференции оргкомитетом совместно с приглашенными участниками конференции была принята резолюция.

Демченко Л.В., заведующая кафедрой физического воспитания

Ұлы Абай мұрасы — өскелең ұрпақты рухани жаңғыртушы әлеует

Осындай тақырыпта М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Университетіміздің филология факультеті қазақ филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен республикалық ғылыми-практикалық конференция онлайн форматта өткізілді.

Конференция Ұлы Абай мұрасының руханиятымыздағы құндылығы, бүгінгі ұрпақтың тәлім-тәрбиесіндегі маңызы, ұлттық идеологияны қалыптастырудағы рөлі, абайтанудағы жаңаша ғылыми зерттеулердің өзектілігі, сондай-ақ жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша Абай шығармашылығын оқытудағы жаңашыл ізденістер бойынша өзара тәжірибе алмасу мен проблемалардың шешу жолдарын табуға әдістемелік көмек беру мақсаттарын көздеді.

Конференция жұмысына М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің ғалым-ұстаздары, БҚО білім басқармасы, БҚО тілдерді дамыту басқармасы, Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі және өзге де білім беру ұйымдарының өкілдері, жоғары оқу орнының студенттері мен магистранттары қатысып, онлайн форматта пленарлық мәжілісті жүзге

тарта қатысушы тыңдады.

Конференцияға Түркия елінің Анкара қаласынан арнайы қосылған ғалым, жазушы, Еуразия Жазушылар одағының төрағасы Якуб Омероглы Түркі өркениетіндегі Абайдың феномендік тұлғасына тоқталып, тек қазақ жұрты үшін ғана емес, Абайдың әлемдік рухани өркеніеттік тұлғаға айналғанын атап өтті.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абайтану бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.к. Серікқазы Қорабай «Абай – ренессанстық тұлға» тақырыбында, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Сабыр «Абай поэзиясының орта түркілік әдебиетпен сабақтастығы» тақырыбында,

М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың «Рухани жаңғыру» ғылыми-зерттеу институтының директоры, п.ғ.д., профессор Абат Қыдыршаев «Абай мұрасы – рухани кемелдік өзегі» тақырыбында, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың қазақ филологиясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Жангелді Шайекенов «Абайды білмек парыз ойлы жасқа...» тақырыбында, М.Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к. Р.Б. Сұлтанғалиева «Терең ойдың темірқазығы – дана Абайда (Абай іліміндегі ізгілік феномені)» тақырыбында баяндама жасаса, Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің эксперт-мұғалімі Жансауле Мақсотова жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша Абай шығармашылығын оқытудағы



жаңашыл ізденістер бойынша өз тәжірибесімен бөлісіп, Абай шығармаларын оқылым стратегиялары арқылы меңгерту жолдарын көрсетуге арналған сабақ үлгісін көрсетті.

Конференция модераторы, PhD доктор Айдарбек Ақболатов қатысушылар тарапынан айтылған ұсыныстар бойынша пікір алмасуға кезек беріп, конференцияны қорытындылап, барлық қатысушыларға алғысын білдірді.

Филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасы

Қашықтан оқыту жағдайында емтихан тапсырмаларын дайындау және өткізу формалары

22 сәуір күні Педагогика факультетінде «Қашықтан оқыту жағдайында емтихан тапсырмаларын дайындау және өткізу формалары» атты вебинар-семинар өткізілді.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ педагогика факультеті деканы, п.ғ.к., доценті Ергалиева Гульжан Алгазиевна КЕЙС технологиясы, оның оқыту үдерісіндегі мәні туралы теориялық және әдіснамалық тұрғыдағы ерекшеліктерін баяндады.

Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы, магистр Абуғалиева Гульшат Сержановна «Қашықтан оқыту жағдайында емтихан өткізу түрлері» атты баяндамасында емтихан түрлері мен өткізу формаларына тоқталды. Ал Педагогика және психология кафедрасының доценті, т.ғ.д., п.ғ.к., Адельбаева Нурия Адельжановна мен аға оқытушы, магистр Баюканская Светлана Феликсовна қашықтан білім беру жағдайында аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу үдерісінде кейс-технологияны қолдану мүмкіндіктері мен тиімділіктерін атап өтіп, өз тәжірибелерін бөлісті.

Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы, магистр Маденова Лаззат Мутиголливна «Студенттерді қашықтан оқытуда Instagram парақшасын қолдану» тақырыбында оқу үдерісін Instagram парақшасының мүмкіндігімен қалай түрлендіріп өткізуге болатындығын, студенттермен кері байланыс жасауда тиімділігін атап өтті.

Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру



кафедрасының аға оқытушысы, магистр Ерняязова Салтанат Наурызбаевна «Портфолио-студенттердің оқу жетістіктерін жинақтау және бағалау формасы» атты баяндамасында бұл бағалау формасының қашықтан оқыту жағдайына қолдануға сай келетінін, студенттердің оқу жетістіктерін жинақтаудағы тиімділігін сипаттады.

Вебинар қатысушылары қашықтан оқыту жағдайында емтихан тапсырмаларын дайындау мен өткізу формалары туралы пікір алмасып, бірлескен жұмыстың оң әсерін атап өтті.

10 сәуір күні Педагогика факультетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері, магистранттары арасында «Педагогика факультетінде қашықтан оқыту үдерісінің жүзеге асырылуы» атты вебинар өткізілді.

ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІНДЕ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

ғылыми журналда жарияланған мақалада осы мәселеге акцент берілген-ді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене айтсақ, көркем әдебиетті оқу адамның қайырымдылық, азаматтық белсенділік сияқты әлеуметтік-танымдық қабілетін жақсартады; күллі әлемдегі зорлық-зомбылық деңгейінің біртіндеп төмендеуіне әкеледі; жеке адам тағдырына қатысты қайшылықты жағдайлар өзіндік шешім іздеуге ұмтылдырады. Бұл реттегі мамандар тарапынан жүргізілген эксперимент нәтижелері де ойлантады. Мәселен, фотосуреттегі адамның бет-әлпетіне, кескін-келбетіне қарап, оның көңіл-күйін дәл айтып бере аламыз ба? Оңай шаруа емес. Нәтижеде көркем әдебиетпен көп шұғылданғандар аса қырағылық танытып, тұлғааралық қабылдау шкаласы бойынша жоғарғы көрсеткішке ие болған. Әлеуметтік неврология бойынша көркем әдебиетті жиі оқитындар өзгенің қуанышы мен қайғы-қасіретін жақсы сезініп, шынайы түсіне алары айқындалған. Яғни, кітап оқитындар өзгенің эмоциясын жақсы ажырата алмақ. Ал мұның тиімділігі неде? Тағы да эксперимент нәтижелеріне жүгінсек, көркем шығарма оқуға ден қоюшылар өзгелерге риясыз қызмет көрсетуге даярлығын айқындайды. Қысқасы, көркем әдебиет оқырманды кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлай алатын артықшылыққа ие етеді. Демек, бұл айтылғандардан шығарылар қорытынды – әдебиет тек сөз өнері ғана емес, парасат пен нәзік сезімталдыққа бастар жол. Бүгінгі таңда техникалық білім беру салаларына гуманитарлық модульдердің көптеп енгізілуі де осыдан болса керек-ті.

- Сіздің тұлға, кәсіби филолог маман ретінде қалыптасуыңызға септескен шығармалар туралы не айтар едіңіз? Сіз қандай туындыларды оқығанды ұнатасыз? Сіз кімді оқисыз?

Алғаш ден қойып, сүйіп оқыған шығарма – Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» туындысы. Кейін



Ахмедова Дилара Руслановна,
Фил-22, практикант

Уже на протяжении достаточно долгого времени в мире бушует пандемия коронавируса. Миллионы заражённых людей, немалое количество погибших, - настолько всё ужасно. Чтобы обезопасить себя, люди вынуждены самоизолироваться и свести все контакты к минимуму. В связи с этим 16 марта 2020 года в МОН было принято решение перевести обучение студентов и школьников на дистанционный формат. У каждого учебного заведения есть своя онлайн-платформа, на кото-

рой проходит обучение, также преподаватели проводят лекции по видеозвонку.

В данной статье мы рассмотрим, были ли готовы студенты и преподаватели перейти на дистанционное обучение, с какими трудностями столкнулись обучающиеся, а также какие были преимущества. Итак, давайте послушаем мнение студентов о дистанционной форме обучения.

Из плюсов: когда читаешь лекцию и есть непонятные моменты, то дома есть возможность сразу обратиться к словарям, интернет-ресурсам, посмотреть видео-ролики. На занятиях ещё уходило время на тех учеников, которые учились в казахской школе и то, что для нас является элементарным, им приходилось объяснять заново. Из-за этого большей части аудитории было неинтересно на лекции.

Автаева Ж., Фил-22

Дистанционное обучение занимает больше времени, чем наше прежнее, так как, во-первых, во время занятий преподаватель задаёт направление и темп работы, а во-вторых, раньше нужно было готовить что-то письменно, а что-то устно, то сейчас абсолютно все нужно сдавать письменно, даже задания по физической культуре.

Не хватает живого общения с преподавателями, так во время семинара задавали

творческие задания, что лично для меня является самой интересной частью. Тем более, в условиях карантина.

Трудно было отправлять задания, т.к. не всегда работала платформа, поэтому приходилось выполнять их задания. Трудно было самостоятельно усваивать информацию. Если раньше ты могла спросить что-то у преподавателя, то во время дистанционного обучения такая возможность стала труднодоступной, уходило бы много времени на ожидание ответа от преподавателя.

Лично для меня нет никаких плюсов в дистанционном обучении. Всё-таки учёба это, в первую очередь, процесс взаимодействия преподавателя и студента. Если что-то непонятно, преподаватель объяснит это доступным языком, ты намного лучше усваиваешь тему. Да и к тому же нужна постоянно социальная активность, живое общение с одногруппниками, теми же преподавателями. Для меня процесс дистанционного обучения оказался весьма неудобным, порой даже казалось, что раньше на учёбу уходило меньше времени. Надеюсь, что ситуация с коронавирусом за лето стабилизируется и, наконец, выйдем на учёбу как раньше.

В процессе подготовки к экзаменам я не вижу каких-либо трудностей. Все так же, как и раньше...

Осинкова Е., Фил-22

Дистанционное обучение проходит нормально.

Плюсы дистанционного обучения в том, что я сижу дома в комфортных условиях.

А минусы в том, что отсутствует связь между студентом и преподавателем, иными словами, я просто читаю конспект, никто мне ничего не объясняет. Трудности были только в том, что был нестабильный интернет. В подготовке к экзаменам это никак не повлияло.

Плюсы: лично я научилась работать с программами и сайтами, которые совершенно не были для меня знакомы (зум, мудл). Могу делать свои дела и одновременно слушать лекцию. Наши лекции перешли на новый уровень (Утегенова К.Т.), где мы использовали прямой эфир в инстаграмм.

Дистанционное обучение и подготовка к сессии ЗКГУ им.М.Утемисова:

(мнение вслух студентов и магистрантов)

плюсы и минусы

дополнительные вопросы, и ты уже сам понимал, в какой теме не смог разобраться.

Из-за большого количества пользователей учебными платформами есть неполадки с сетью: сайт долго грузит, сбои в видео-уроках.

Ещё один минус: ограничения в загрузке файлов на сайт. По этой причине приходится ещё и отправлять на почту преподавателей задания.

ДО никак не повлияло на подготовку к экзаменам, так как, я считаю, что преподаватели уже предоставили нужные материалы, а подготовка - это уже дело каждого студента.

Просто есть интерес, как будет проходить сам экзамен.

Жолдыгалеева Г., Рялш-32

Мое дистанционное обучение проходит очень даже хорошо. Дома можно спокойно, не торопясь, сделать все определённые задания.

Трудности были. Это в основном проблемы с сетью или отсутствие интернета.

Плюсы дистанционного обучения: Дома рядом с родителями, с родными, есть очень много времени, чтобы готовиться к семинарам.

Минусы дистанционного обучения: надо обязательно иметь интернет, который оказывает большое влияние на здоровье, сидя только дома перед компьютером, мы долгую часть времени проводим в неподвижном состоянии, так как обучаясь виртуально все учебные материалы ищем в инете.

Я готовлюсь к дистанционным экзаменам в очень хорошем темпе, так как есть все материалы, нужные для подготовки к экзамену, и не как раньше в университете - ходить целый день, а дома не спеша, в любое удобное мне время могу подготовиться.

Адильбекова А., Рялш-32

В принципе, трудностей таких прямо не было, но нас беспокоила неопределенность. Раньше - то мы знали, что и как будут проходить наши экзамены по сравнению с нынешним днём. На этот вопрос ответить сложно. У каждого направления есть свои плюсы и минусы. Это уже научно доказано. Хотя мы и хотим учиться, как прежде - ходить в университет, но нельзя забывать, что благодаря дистанционному обучению сейчас очень интенсивно развивается онлайн-система и цифровизация всех сфер в нашей стране.

Сламина П., Фил-22

Форма проведения дистанционного обучения зависит от преподавателя. Обычно скидывают семинарские задания на платформу Moodle, где мы их выполняем. Однако не всегда она работает исправно из-за большого количества посетителей. Тогда отправляем задание на почту. По некоторым дисциплинам преподаватели дают



Даулетбаева А., магистрант 1 курса ОП «РЯЛ»

Минусы: высокая вероятность несправедливого оценивания, т.к. студенты могут запросто списать или же подсмотреть на экзамене шпаргалки. (Кстати, в школе ситуация такая же. Все списывают с интернета, в итоге и отличник, и троечник получают одинаковую оценку.) Онлайн обучение не сравнить с традиционным, где студенты с глазу на глаз с преподавателем обсуждают тему, отвечают на вопросы и т.д. (атмосфера совсем разная). Слишком много времени нужно проводить у телефона/компьютера, что влияет на зрение. Лучше ответить устно, отвечая на вопросы, где-то услышать дополнения от преподавателя, чем скопировать с интернета, вставить и отправить через почту. Да и не видишься с одногруппниками, это тоже такой небольшой нюанс..

В конце концов: Я ЗА ТРАДИЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ.

Есилханкызы Н., магистрант 2 курса ОП «РЯЛ»

Позитивное для меня: гибкость, возможность заниматься в удобное для себя время, в удобном месте и темпе; возможность постоянного повышения своего образовательного уровня.

Негативное я вижу в том, что нет общения с преподавателем «вживую». В сельских условиях все еще затруднен доступ к Интернету. Ограниченные технические возможности и медленные модемы приводят к задержкам в передаче звуков, видео и графики, хотя соответствующие технологии постоянно совершенствуются. Думаю, что дистанционное обучение проигрывает, несмотря на многие преимущества, перед живым общением преподавателя и обучающегося, учителя и ученика.

Падалка Е., Фил-42

В современных условиях, дистанционное обучение - это лучший из вариантов для того, чтобы без перерыва продолжать изучать учебный материал. Но по-моему мнению, самым большим недостатком становится отсутствие рабочей атмосферы. Мозг постоянно пытается отвлечь и найти другое важное занятие в стенах дома...

Хасенов У., студент РЯЛШ/у-24

Я считаю, что необходимо вернуться к традиционному формату учебных занятий. Живое общение невозможно заменить ничем. Однако, есть и свои положительные стороны при ДО. Например, то, что ты занимаешься из дома и параллельно можешь выполнять свои дела. Это, конечно, смягчает ситуацию.

Аманбаев М., студент РЯЛШ-22

Дистанционная форма обучения предоставляет возможность более глубоко изучить интересующую тебя тему. Хотя, конечно, как посмотреть. Ведь встречаются сложные темы, изучение которых может скорректировать, помочь, направить преподаватель, профессионал с опытом.

Таким образом, мы видим, что предоставленные платформы не смогли полноценно справиться с большой сетевой нагрузкой, и многие ВУЗы и студенты были не подготовлены к такой системе обучения. В основном, у студентов были проблемы с интернетом, но в целом качество обучения студентов не пострадало, так как они уже достаточно владеют опытом работы в интернете и могут справиться с самостоятельной подготовкой.

То есть условия всемирного карантина показали нам, что, в общем-то, самое главное, это не сильно отразилось на качестве учебного процесса, поскольку онлайн формат в последние годы постепенно внедрялся в наше бытие. Это он-лайн приобретение различных услуг, оплата товаров через интернет магазины или сервисы и т.д. Единственное, на наш взгляд, теперь, с учетом нынешней ситуации, необходимо активно развивать он-лайн платформу системы образования. Как мы увидели, в данном процессе имеются свои недостатки и преимущества...

Благодарим всех участников нашей виртуальной встречи и желаем всем успешной сдачи он-лайн сессии 2020!

Жаңашыл ғалым, ізденімпаз ұстаз

Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «ЖОО Үздік оқытушы-2017» атағының әрі грантының, ҚР Ұлттық ғылым академиясы «Алаш» медалінің иегері.

Ғылым жолында Ресей Федерациясының Мәскеу, Санкт-Петербург, Астрахань, Орынбор қалалары, сол сияқты Алматы, Атырау, Орал қалаларындағы Мемлекеттік орталық мұрағаттар қорларында жұмыстанып, құжаттық материалдар негізінде жыл сайын ғылыми басылымдар мен конференцияларда өз еңбектері мен тезистерін жариялап келеді. Бүгінге дейін «Қазақстанды рухани отарлау саясатының тарихы» (Алматы: «Арыс», 2016), «Дәулетшах Күсепқалиев: қоғамдық-саяси қызметі» (Орал, 2017.), «Public and activity D.Kussepkaliev» (Uralsk, 2017.), «Spiritual colonial policy of Russia in Kazakhstan» (Almaty, Arys, 2018) атты 4 монографиясы, «Ethno-cultural Aspects of the State of Eurasian Nomads» (History, 26 (1,2): 34-39 (2016) Kamla-Raj 2016., «The fire cult and islam in the Kazakh system of beliefs» (TRAMES, 2017, 21(71/66), 2, 151-160. Vanemuise 42, 51003 Tartu, Estonia) тақырыбында 2 мақаласы импакт факторды ғылыми журналдарда жарияланды. «Бірімжаров Бақтығұл Қабдірұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш» авторы (Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБӨ, 2017. - 32 б.). Р.Шамгоновамен біріккен авторлықта Қазақстан қалаларының тарихы. Оқу құралы. (Орал, 2018). және «The history of the cities of Kazakhstan. The tutorial», (Uralsk, 2018), сол сияқты Қазақстанның ортағасырлар тарихы: Оқу құралы. – Орал, 2018. History of Medieval Kazakhstan: The tutorial (2018), барлығы 4 ҚР БЖҒМ РӨӘК «гуманитарлық білім» мамандықтар тобы бойынша ОӘС грифін иемденген оқу құралдарының авторы. Шетелдік ЖОО-лармен тәжірибе алмасу мақсатында ЖОО-да оқытудың инновациялық әдістері бойынша 2013, 2018 жылдары Еуропаның үздік оқу орындарында, Польшаның Казимир Великий, Прагадағы Карлов университеттерінен тағылымдамадан өтіп, «Certificate the scientific traineeship «Inter cultural communication. Philosophical questions in pedagogy and in the teaching methods» organized in Prague, «Innovative educational programs», May 7- May 24, 2018. European Association of Students and Businessmen. Prague, 24.5.2018. сертификаттарын иеленген. Қазіргі кезде доцент А.С.Байбулсинованың жетекшілігімен университетте «Жас ғалым» ғылыми-зерттеу, шығармашылық үйірмесі жұмыс жасайды. 2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша бұл үйірме «Ең үздік» ғылыми орталық болып танылды. Осы кезге дейін оның жетекшілігімен мұрағат қорлары бойынша дайындалған ғылыми жобалар жүзделі орындарға ие болып келеді. Сол сияқты А.С.Байбулсинованың жетекшілігіндегі

шәкірттері ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған конкурстардың жүлдегерлері атанып, әрдайым үздіктер қатарынан көрініп жүр (Л.Бердіғалиева, А.Дүйсеналиева, А.Кенесова), ҚР Тұңғыш Президентінің қоры (Л.Бердіғалиева, А.Дузбасова), Н.Назарбаев атындағы шәкіртақы иегерлері (Р.Катарова, А.Дузбасова, С.Куандикова) атанған.

А.С.Байбулсинова өзінің бірнеше жылдық ұстаздық және ғылыми еңбектерінің жемісі, соңғы жылдардағы Қазақстан мемлекеті тарихындағы жарқын тұлғалардың, соның ішінде Бөкей ордасы (Шәңгерей Бөкеев, Махамбет, М.Бекмұхамедов), ХХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Алашорда тарихы, Күнбатыс Алашорда қайраткерлері (Д.Күсепқалиев, Ғ.Қараш, У.Танашев, М.Бекімов, Е.Қасаболатов, С.Омаров, С.Нұралыханов, М.Шомбалов т.б.) өмірі мен қызметі туралы мұрағат құжаттары негізінде зерттеулерді жариялауды қолға алған. Нәтижесінде ғалымның жаңаша методологияға сүйеніп, тың көзқарас тұрғысынан қолға алған зерттеу жұмыстары жоғары бағаланып, 2018 жылы қыркүйек айында ҚР Ұлттық ғылым академиясының Президенті М.Жұрыновтың атынан «Алаш» медаліне ие болды.

Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы – Қазақстан тарихы, этнография, деректану, мәдениеттану және ғылыми-экспедициялық жұмыстарына басшылық етіп, өлкетанушы тарихшы ретінде танылған. Тәжірибесі мен қажырлы еңбегі көпке үлгі ұстаз әрдайым шәкірттеріне, әріптестеріне еңбекқор ізденімпаз тұлғаның айқын үлгісін көрсетіп келеді.

Тарих, экономика және құқық факультеті

Туған өлке тарихын түгендеген жас ғалым

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Отандық тарих ғылымына, соның ішінде өлкетану ісіне өзіндік үлесін қосып жүрген бірқатар тарихшы ғалымдар бар. Солардың бірі – «Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Гиззатов Саялбек Махамбетұлы. Жас ғалым күні бүгінге дейін 2 монография және 30-дан астам ғылыми мақалаларын жариялап үлгерді.

Автордың 2019 жылы жарық көрген 400 беттен тұратын «Жаңабұлақ тарихы» монографиясы Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Жаңабұлақ ауылының ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихын зерттеуге бағытталған. Бұл туынды өлке тарихына қатысты бұрын-соңды белгісіз болып келген тың дүниелерге бай және Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты мақаласында көрсетілген «Туған жер», «100 жаңа есім» бағдарламаларындағы мақсат-міндеттерге толықтай сәйкес келеді.

Туған ауылына қатысты тың деректерді жинақтау мақсатында автор Ресей мемлекеттік әскери-тарихи мұрағаты (Мәскеу), Ресей Ғылым академиясы мұрағатының Петербург филиалы (Санкт-Петербург), Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағаты (Мәскеу), Ресей Федерациясының Астрахань облыстық мемлекеттік мұрағаты (Астрахань), Ресей Федерациясының Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты (Орынбор), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (Алматы), Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты (Орал), Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мемлекеттік мұрағатында (Чапаев), яғни барлығы 8 мұрағатта ізденіс жұмыстарын жүргізді.

Тарих ғылымдарының кандидаты Гиззатов Саялбек Махамбетұлы «Жаңабұлақ тарихы» монографиясының тұсаукесерін 2019 жылдың 27 шілдесі күні өз туған жері Жаңабұлақ ауылында өткізсе, осы жылдың 27 қыркүйегі күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде облысымыздың тарихшы ғалымдары, өлкетанушылары, студенттері және жалпы оқырман қауым үшін арнайы таныстырылымын өткізді.

Монография авторы әркімнің шама-шарқы келгенше өз туған жерін зерттеуі өлкетану саласына, түптеп келгенде Отандық тарих ғылымына үлкен үлес болады деп санайды. Сондықтан жастарды уақыттарын текке өткізбей, ел үшін адал қызмет етуге шақырады.

*Ғылым бөлімі,
Жас ғалымдар кеңесі*



Тарихқа құштар жас ғалым, талапшыл ұстаз

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «ҚР тарихы» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Муханғалиева Жанар Кажмуханбетовна 2003 жылдан бері университетімізде педагогикалық қызмет атқарумен қатар, Отан тарихының өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіп келе жатқан жас ғалым.

Ж.К.Муханғалиева өзінің зерттеу жұмыстарын жазу барысында Қазақстанның Алматы (ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, ҚР Президенті мұрағаты), Ресей Федерациясының Самара (Самара облыстық мемлекеттік мұрағаты), Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Орал қалаларындағы облыстық мемлекеттік мұрағаттар қорларында жұмыстанып, құжаттық материалдар негізінде 30-дан астам ғылыми мақалалары мен тезистерін жариялады.

2012 жылғы қыркүйек айының ортасынан 2014 жылдың қыркүйегіне дейін т.ғ.д. Ұ.Т. Ахметованың жетекшілігімен дайындалған «Қазақстанды зерттеген ғылыми қоғамдар мен мекемелер: тарихы, зерттеу бағыттары, маңызы (XVIII – XX ғғ. бас кезеңі)» тақырыбындағы ғылыми жобасы аясында ғылыми қызметкер ретінде жұмыстанды. Үш жылдық жұмыстың нәтижесінде бірнеше ғылыми мақалалардың, «Периодические издания Российских научных обществ и учреждений, труды их членов по изучению Казахстана (XVIII – нач. XX вв.)» атты библиографиялық көрсеткіштің, «Қазақстанды зерттеген ғылыми қоғамдар мен мекемелер тарихы (XIX-XX ғғ.)» атты электрондық оқыту құралының біріккен авторы.

2017-2018 оқу жылында «1966-1985 жж. Батыс Қазақстан ауыл әйелдерінің еңбек және әлеуметтік белсенділігі» атты Батыс Қазақстан аймағы бойынша іргелі зерттеуі, «Тарихи өлкетану» атты оқу-әдістемелік құралы және А.С. Омаровамен бірлесіп дайындаған «Батыс Қазақстан аймағындағы әулиелік қорымдар: тарихы мен тағылымы» атты монографиясы жарық көрді.

Жанар Кажмуханбетовна өзін талапшыл ұстаз ретінде көрсете білді. Өзінің зерттеу тақырыбы аясындағы ғылыми жұмыстарға студенттерді тартып, ғылыми жетекші ретінде танылды. Оның жетекшілігімен дайындалған ғылыми жобалар жүзделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, жаратылыстану-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ең үздік ғылыми жұмысына арналған республикалық байқауда 2013 жылы Ж.К.Нурмухановтың ғылыми жобасы III дәрежелі дипломмен, 2014 жылы А.С.Омарованың ғылыми жобасы республикалық байқауда I дәрежелі дипломмен марапатталды. Факультет түлектері Ж.К.Нурмухановпен, А.С.Омаровамен, Ө.Т.Сәдірбаевпен бірлескен ғылыми мақалалар мен тезистері жарық көрсе, қазіргі таңда I курстың магистранты А.Ж.Ақмуқанованың, II курс студенті А.К.Усманованың, III курс студенті М.Д.Аққағаздың, IV курс студенті А.Е.Құспанованың жарық көрген ғылыми баяндамаларына жетекшілік етті.

Сондай-ақ, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде 2019 жылдың 12 сәуір күні ұйымдастырылған XI Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға университет атынан қатысқан «Жайық жастары» командасына жетекшілік етті. XI республикалық пәндік олимпиада нәтижесі бойынша «Жайық жастары» тобы III орынды иеленді.

Жас ғалым тарих ғылымына деген сүйіспеншілігі мен адалдығының арқасында тың зерттеулер жүргізіп, тарих ғылымының дамуына өзіндік үлесін қосып келеді.

Тарих, экономика және құқық факультеті



ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті әр үш жыл сайын ғылымның барлық салалары бойынша гранттық жоба конкурсын жариялап отырады. 2018–2020 жылдарға арналған ғылыми жоба конкурсына өз жұмыстарын жіберген шығармашылық топ (ғылыми жетекшісі - әдебиеттанушы, педагог-ғалым, қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірін, әдеби сын тарихын, әдеби өлке тарихын, ұлт лирикасының тарихын, туысқан халықтар әдебиетін зерттеуші, өлкетанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлы) – «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер және қоғам мен мемлекетті жаңғырту жағдайындағы мәдениет, дәстүрлер, құндылықтар салаларындағы зерттеулер бағыты бойынша гранттық жобасын ұтуға қол жеткізді.

ГРАНТТЫҚ ЖОБА ЖЕТІСТІКТЕРІ

Жоба тақырыбының атауы: «Әдеби өлкетану: рухани жаңғыру (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырды басы)» деп аталады. Жобаның ұзақтығы: үш жыл (2018–2020).

Қазақтың көркем әдебиеті – қазақ ұлтының рухани мәдениетінің біртұтас жүйесі боп табылса, ал оның негізгі қабатын Өлке әдебиеті құрайтыны анық. Яки, әдеби өлкетануды зерттеу арқылы, Әдеби өлке әдебиетін тексеру нәтижесінде Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында атап өткен рухани жаңғыру мәселесіне бір адым жақындаймыз.

Жоба мақсаты: Әдеби өлкетануды зерттеу арқылы Батыс Базакстан аймағының Орал өңірі ақын-жазушыларының әдеби-шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан саралауға қол жеткізу. Басты мақсат – өңірдің ақын-жазушыларының XX ғасырда және XXI ғасырдың басында жарияланған шығармаларын (поэзия, проза, драматургия, т.б.) зерттеп, әдеби-ғылыми тұрғыдан талдап, таразылау, бір жүйеге түсіру. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін «Әдеби өлкетану: рухани жаңғыру» деп аталатын кезең-кезеңге бөлінген үш кітаптан тұратын монографияға айналдыру, хрестоматиялар құрастыру. ЖОО-да және жалпы білім беретін орта мектепте «Әдеби өлкетану» деп аталатын элективті курс, факультативтік сабақ енгізу, оның бағдарламасын жасақтау. Таңдау курстарын жүргізу арқылы сапалы білім беру мазмұнын байыту, жан-жақты дамыған, өз елін, халқын ерекше сүйетін тұлға қалыптастыруды мақсат ету – әдеби білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі.

Бүгінгі күні «Әдеби өлкетану» пәні- М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да болашақ филолог мамандығының студенттеріне таңдау курсы есебінде оқытылып келеді. «Әдеби өлкетануды» болашақта хронологиялық жүйемен элективті курс ретінде ЖОО-на және факультативтік сабақ түрінде жалпы білім беретін мектепке енгізген жағдайда пәннің атауынан көрініп тұрғандай, аталған курс оқушылар мен студенттерге (магистранттарға) өлкемізге қатысты әдеби мұраларды игеруге толық мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмыстары басталған екі жыл (2018, 2019) ішінде «Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы)» тақырыбындағы 3 кітаптан тұратын монография (авторлары: топ жетекшісі, ф.ғ.к., доцент, қауымдастырылған профессор Зейнолла Мүтиев, педагогика ғылымдарының магистрі, жетекші ғылыми қызметкер Жангүлім Мұханбетова) мен хрестоматияның (құрастырушылар: ф.ғ.к., доцент, қауымдастырылған профессор Зейнолла Мүтиев, педагогика ғылымдарының магистрі Жангүлім Мұханбетова, философия докторы (PhD), аға ғылыми қызметкер Айдарбек Ақболатов) еңбектің 1-2 кітабы жарық көріп, білім алушылар пайдалана бастады. Зерттеудің 3-кітабы 2020 жылдың аяғында шығады деп күтілуде.

Зерттеудің 1-кітабында (монография: көлемі – 420 бет,

хрестоматия: көлемі – 408 бет) Батыс өңірінің ірі әдебиет өкілдері, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында өзіндік қолтаңбасы бар, ғылыми-ағартушылық, философиялық поэзияның көрнекті өкілі Ш.Бөкеев (1847-1920), ұлт-азатшыл бағыттағы шығармашылық тұлға, көрнекті шайыр Ғ.Қараш (1875-1921), қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын һәм айтыскер Х.Өтеғалиева (1889-1984), Ұлы Отан соғысында жалынды жырымен ұлттық рухты оятуға үлес қосып, майдан даласында қаза тапқан А.Жұмағалиев (1915-1942) өмірі мен шығармашылығын талдаған.

Сонымен бірге Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінде өзіндік өрнегімен танылған прозашы-романшылар, қазақ поэзиясының жауһарлары, ақындар: Қ.Жұмалиев (1907-1968), Т.Жароков (1908-1965), Х.Есенжанов (1908-1975), Ж.Тілеков (1911-1980), С.Сейітов (1917-2007), Ж.Молдағалиев (1920-1989), Б.Аманшин (1924-1985), Б.Ырзабаев (1932-1995) сынды қаламгерлер шығармалары әр қырынан алынып, кеңінен сараланған.

Зерттеудің 2-кітабында (монография: көлемі – 420 бет, хрестоматия: көлемі – 430 бет) 1960-1980 жылдардың қазақ әдебиетіне өзіндік өрнек, тың жаңалық әкелген ақын-жазушылар, әдеби өлкенің көрнекті өкілдері: Қ.Мырза Әли (1935-2011), С.Еркебаев (1935-1997), С.Дауымов (1935-2004), Ж.Набиуллин (1936-2012), Қ.Бектұрғанов (1937-2015), Қ.Жұмағалиев (1937-2013), Б.Ойшыбаев (1940-1997), А.Нәріков (1940), А.Сұлтанов (1942-2003), Қ.Қараманұлы (1943), А.Бақтыгереева (1944), М.Есламғалиев (1946-2004), А.Бектұрғанов (1948), Ш.Қыдрниязова (1949), А.Қадырбаева (1950) сынды талантты қаламгерлердің шығармашылық шеберханасымен терең таныса алады.

Зерттеудің 3-кітабында 1980-1990 жылдардың жаңашыл ақын-жазушылары: С.Әбдуғалиев (1948-1984), О.Сату (1948), Ж.Мырзаөлиев (1948-1998), М.Қажиахметов (1954), Д.Мұштанова (1954), Б.Баймұқанқызы (1956-2006), А.Шахин (1954), З.Сисенғали (1957), Ұ.Сариева (1957), Ғ.Сейтақ (1958), А.Таубаева (1958-2016), С.Хасанов (1960) сынды қаламгерлер туындыларына алғаш рет монографиялық талдау жүргізілуде.

Сондай-ақ, Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттің өкілдері: Т.Таймасұлы (1965), Б.Ғұбайдуллин (1965), А.Сейтақ (1966), М.Шүйіншәлиева (1967), М.Балмолда (1969), Қ.Құттымұратұлы (1970), Б.Айтболатұлы (1972), Б.Халиолла (1979) т.б. үздік шығармалары тексеріс көзіне алынады.

Жоба авторлары зерттеу аясына сай Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларындағы республикалық, академиялық кітапханаларда, кітап мұражайларында, сирек кітаптар мен қолжазбалар залында, ҚР Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ізденіс жұмыстарын жүргізді. Сонымен бірге Қазан, Уфа қалаларының мемлекеттік университеті кітапханаларында, ұлттық архивтерінде отырып, деректер жинады.

Жоба авторларына сәттілік тілейміз. Шығармашылық табыстары мол болсын!

Ғылым бөлімі

23 сәуір күні жоспарға сәйкес күндізгі оқу бөлімінің 5B010300 – «Педагогика және психология», 5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы 4-курс студенттерінің мемлекеттік сараманының қорытынды конференциясы оздырылды.

МЕМЛЕКЕТТІК САРАМАННЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ОЗДЫРЫЛДЫ

Студенттер 20 қаңтар мен 11 сәуір аралығында Ж.Досмухамедов атындағы педагогикалық колледжінде, Орал гуманитарлық колледжінде, облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернатында, облыстық есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернат кешенінде, зерде бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы мектеп – интернатында, №5, 21, 39 ЖОББМ және №5517 әскери бөлімінде сараманнан өтті. Сонымен қатар, 14 студент жеке сұраныстары бойынша БҚО, Атырау, Маңғыстау және Қызылорда облыстарындағы білім беру мекемелеріне жолданды.

Студенттер конференция барысында есептерін слайд арқылы қорғады. Барлық студенттер практиканың мақсат-міндеттеріне сәйкес тапсырмалар орындап, білім берушілік, педагогикалық-психологиялық, диагностикалық және әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жүргізген. Педагог-психологтың және әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарына сай кәсіби қызметтің барлық түрлерін жүзеге асырған. Педагогика, психология және өзін-өзі тану пәндерінен ашық сабақтар берген. Мектептерде сынып жетекшілік, колледждерде кураторлық қызметке араласқан. Жетекшілік еткен топ оқушыларына қызығушылықтары мен құндылықтарын анықтау мақсатында диагностикалық зерттеу жұмыстарын өткізіп, қорытындысына сәйкес тренингтік жұмыстар жүргізген.

Конференция соңында сараман барысында студенттерге әдіскерлерлік көмек көрсеткен «Педагогика және психология» кафедрасының оқытушылары Э.К.Абдираимова, С.Ф.Баюканская, С.Б.Калаханова, Н.Е.Муқанова, А.Ж.Кенжеғалиева, Б.Н.Түлегенова сөз сөйлеп, тапсырылған есеп құжаттары негізінде қорытынды бағаларды жариялады. Кафедра меңгерушісі Н.У.Кулдашева студенттердің психологиялық-педагогикалық-әлеуметтік және әдістемелік даярлығын жоғары бағалап, мемлекеттік сараманды сәтті аяқтауымен құттықтады.

Сараманды қорытындылады

Оқу үрдісінің кестесіне сай 27 қаңтар мен 25 сәуір аралығында Тарих, экономика және құқық факультетінің «Халықаралық қатынастар», «Аймақтану» және «Әлеуметтану» мамандығының 4-курс студенттері мемлекеттік өндірістік сараманнан өтті.

Студенттер университет жолдамасы және қатынас қағаздары негізінде төмендегідей мекемелерге сараманнан өтуге жолданды:

БҚО Жастар саясаты мәселелері басқармасы, БҚО кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы, КПО б.в., БҚО Ішкі саясат басқармасы, Шыңғырлау ауданы полиция басқармасының көші-қон бөлімі, Сырым ауданы және Атырау облысы Аққыстау ауылдық әкімі аппараты, «Engineering & Construction Company» LLP, «Казбургаз» Жаңақала аудандық ішкі саясат бөлімі және т.б.

29 сәуір күні ZOOM бағдарламасы арқылы студенттердің сараман қорытындысына арналған конференция өткізілді. Оған факультет деканы Г.И.Нестеренко, мансап орталығының жетекшісі А.Ж.Султанғужиева, ДТ және ӘСП кафедрасының меңгерушісі А.Ш.Журасова, сараман жетекшілері Г.Н.Есеева, Б.М.Мырзабаева, Т.С.Тәжібаева, оқытушы Н.Н.Майманова және аталған мамандықтағы студенттер қатысты. Конференция барысында студенттер сараманнан өту барысы, атқарған қызметтері, жинақталған тәжірибелері туралы ой бөлісіп, пікірлерін айтты. Конференция соңында сараман жетекшілері өз ойларын білдіріп, сараман қорытындысы шығарылды.



ВОЛОНТЕРСТВО

Волонтерство - яркий пример прогресса государства и общества. Сегодня около 1 миллиарда человек во всем мире являются волонтерами. Стоит отметить, что волонтерство не зависит от возраста или национальности.

В Республике Казахстан волонтерство тоже получило широкое распространение и 2020й год объявлен в Казахстане Годом волонтера..

Так, благодаря деятельности казахстанских волонтеров на очень хорошем уровне прошла международная выставка ЭКСПО-2017 в Астане.

В Западно-Казахстанской области благотворительной деятельностью заняты много волонтеров. В частности, волонтерская организация «Шапагат» работает в ЗКГУ им. М. Утемисова. Организация была основана 14 февраля 2019 года. В настоящее время в ней работают 30 добровольцев.

Мадина Артай, студентка 3-курса естественно-географического факультета, является руководителем этой волонтерской организации. Вот что мы узнали с ее уст о работе волонтеров ЗКГУ.

«Работа ведется в разных направлениях. С самого начала я была просто волонтером, а потом взяла на себя всю ответственность за нашу команду. Марлен Мурадомович Сагатбаев, первый руководитель волонтерской организации «Шапагат» сыграл немаловажную роль в становлении волонтерской организации нашего вуза. Я думаю, что в «Шапагат» каждый приходит добровольно поделиться своими искренними намерениями и добротой. В «Шапагат» люди идут по зову сердца. А те, кто просто приходит, чтобы провести время, оглядываются и уходят сами. Причина, по которой я пришла сама, состоит в том, чтобы сделать все возможное для оказания помощи нуждающимся слоям нашего общества, которых, к сожалению, предостаточно. Волонтерская организация «Шапагат» - дружелюбное, добросердечное сообщество» - рассказывает студентка.

Мадина Артай просит помощи, затем берет людей из списка благотворительного фонда «Nareket», рассказывает им о своей ситуации и помогает тем, кто обращается за помощью.

Она помогает в обеспечении продуктами малоимущих семей, помогает престарелым, детским домам и инклюзивным школам, организует ярмарки. В этом суть работы волонтерской организации «Шапагат».

*Адемай ОТЕГЕНОВА,
студентка Фил-32*

Халықаралық байқау жеңімпазы

Чехия Республикасының Прага қаласындағы (Praha, Czech Republic) «Perspektiva plus» Халықаралық инновациялық орталығы жыл сайын «Білім әлемі» («Планета знаний») конкурсын ұйымдастырады. Байқау мақсаты - талантты ғалым-педагогтар мен мұғалімдерді, студенттер мен оқушыларды анықтау, қолдау және ынталандыру.

Аталмыш конкурстың 40-тан аса номинациялары бойынша міндетті түрде фото-бейнематериалдармен, презентация үлгілерімен қамтылуы тиіс. Байқауға жұмыстар арнайы жоба, әдістемелік талдама, ғылыми-зерттеу сараптамалары, сценарий, шеберлік сағаты (мастер-класс) формаларында қабылданады. Ұсынылған жұмыстарды тексеріп бағалаушы, сын тезінен өткізуші байқаудың әділқазылар алқасының төрағасы - Г.В.Плеханов атындағы РЭУ Улан-Баторлық филиалы директорының бірінші орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор Дугарджав Лувсанцэрэнгийн. Осы беделді танымал халықаралық байқауға университетімізден Ұлтымыздың ұлы

перзенті Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай «Абай - тұтас қазақ ақыл-ойының барометрі» («Абай - барометр казахской национальной мысли») тақырыбындағы шеберлік сағаты (мастер-класс) номинациясы бойынша қатысқан «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев Халықаралық конкурстың қазылар алқасының бірауыздан қабылданған шешімімен I дәрежелі дипломымен (№ PZ 15PP-15) және Халықаралық инновациялық орталығының арнайы медалімен (Приказ №40/25В от 01.04.2020г.) марапатталды. Өріптесімізге Махамбет білім-ғылым ордасының имиджін еселей арттырғанына



қуана қолдау білдіріп, деніне саулық, ғылыми-рухани шығармашылық ісіне толымды табыстар тілейміз!

Тәрежелі!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих, экономика және құқық факультетінің құқықтану мамандығының ЮР-43 тобының студенттері 27 қаңтар - 25 сәуір күндері өндірістік тағылымдамадан өтті.

Тағылымдамадан өтушілер Қазақстан Республикасының Прокуратура органдарының жүйесінде, Ішкі істер департаментінің бөлімшелерінде, аудандық және қалалық соттарда, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдарда тәжірибеден өтті. Тағылымдамадан өту барысында машықкерлер әр мемлекеттік органын құрылымымен танысып, университет қабырғасынан алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолданды.

9-11 сәуір күндері Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде «Экономика» пәні бойынша қашықтан Халықаралық олимпиада өтті.



Олимпиада қорытындысы бойынша 11 команда арасынан М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Экономика және менеджмент кафедрасының «МАХАМБЕТ ҰРПАҚТАРЫ» командасы жүлделі 3-орынды иеленді.

Жеке есеп бойынша Батырбаева Перизат 2-орынға тұрақтады.

Ғылыми жетекші - Экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м. Егзалиева Асель Болаткалиевна.

Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

Поздравляем победителей!

В апреле 2020 г. в городе Оренбург (Российская Федерация) был издан сборник статей Международного конкурса студенческих научно-исследовательских работ по педагогике, психологии и дефектологии, в котором участвовали Гиззатова Айза, магистрант 2 курса ЗКГУ им.М.Утемисова по специальности «Психология» и Казанцева Г. магистрант 1 курса специальности «Педагогика и психология» (научный руководитель - д.и.н. Адельбаева Н.А.).

Поздравляем наших магистрантов и научного руководителя - д.и.н. Адельбаеву Нурию Адильжановну с успешным и результативным участием в студенческом конкурсе и выходом «Сборника статей Международного конкурса студенческих научно-исследовательских работ по педагогике, психологии и дефектологии»: Гиззатова А.С., Адельбаева Н.А. «Деятельность психолога в выявлении синдрома эмоционального выгорания у медицинских работников, оказывающих паллиативную помощь»; Казанцева Г.А., Адельбаева Н.А. «Психолого-педагогические условия адаптации иностранных студентов к обучению в Республике Казахстан».

Кафедра педагогики и психологии на протяжении долгого времени тесно сотрудничает с Оренбургским государственным университетом и ежегодно участвует в международных конкурсах студенческих научно-исследовательских работ по педагогике, психологии и дефектологии. Координатором с кафедры педагогики и психологии ЗКГУ им. М.Утемисова является магистр Психологии, старший преподаватель Баюканская С.Ф.

Эссе байқауы ұйымдастырылды

ҚР Конституциясы мен ҚХА-ның 25 жылдығына орай құқықтану мамандығы бойынша ЖОО студенттерінің арасында эссе байқауы ұйымдастырылған болатын.

Осындай шаралардың бірі Тарих, экономика және құқық факультеті құқықтану мамандығы студенттерінің арасында өтті. «Қазақстан Республикасының Конституциясының дамуы» тақырыбындағы республикалық эссе байқауына 26 жұмыс тапсырылды. Кафедрадан 9 оқытушы ғылыми жетекшілік жасады. Университетшілік байқау комиссиясы студенттердің ғылыми жұмыстарын саралап, эссенің өзектілігіне, ғылыми негіздемесіне қарап 3 үздікті таңдап алды.

Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты Республикалық «Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығының «Ұлы Дала ұстазы» Халықаралық ғылыми-педагогикалық журналы «Қазақстан педагогтарының 100 үздік мақаласы: білім, ғылым, әдістеме» атты республикалық байқауын жариялаған-ды.

«2020 жылдың үздік мақаласы» номинациясы иегерлері

Халықаралық ғылыми басылым аталған байқау аясында «Рухани жаңғыру: тәрбие және білім», «Жаңартылған білім мазмұны», «Ұлы даланың жеті қыры», «Педагог мәртебесі туралы» Заңының тұжырымдары» тақырыптарында ғалым-педагогтардың, мұғалім-тәрбиешілер мен әдіскерлердің үздік ғылыми-әдістемелік мақалалары, баяндамалары мен эсселері қабылданды.

Осы республикалық байқауға университетімізден қатысқан «Рухани жаңғыру» институтының директоры, п.ғ.д., профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы мен Дана Шакуова, Гүлдана Сұңғатова, Орал Абатұлы сынды өріптес шақыртты тарапынан ұсынған «Рухани жаңғыру: жаңа ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулу ісі», «Адам мақсатына рухани жағынан өз-өзін жетілдіру арқылы жетеді» тақырыбындағы екі мақаласы да аталған конкурстың «Үздік мақала» номинациясы бойынша I орынға ие болып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Үздік авторлар ретінде конкурсқа қатысушылардың әрқайсысына ағылшын тілінде материалын

Университетшілік байқау комиссиясының шешімі бойынша жүлделі орынға ие болған ғылыми жұмыстардың тізімі:

I орын – Рустемова Гулзада, 5В030100 «Құқықтану» мамандығының 2-курс студенті. «Конституциялық құқықтың маңызы, адамзат құқықтары мен міндеттері». Жетекшісі: оқытушы Досжанов Қ.М.

II орын – Зубченко Гульнара, 5В030100 «Құқықтану» мамандығының 3-курс студенті. «Конституция – основа процветания современного Казахстана». Жетекшісі: аға оқытушы Юрова И.О.

III орын – Осинская Варвара, 5В030100 «Құқықтану» мамандығының 2-курс студенті. «Конституция – основа процветания современного Казахстана». Жетекшісі: т.ғ.к., доцент Серикова Л.С.



растайтын сертификат, арнайы диплом, Алғыс хат, «100 үздік автор» арнайы номинациясы, Халықаралық журнал басылымы табыс етілді. Енді ғалым-ұстаздардың еңбектері жарияланған мақалалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты университеттерге, білім басқармаларына, білім бөлімдеріне, кітапханаларға және өзге де білім беру ұйымдарына таратылатын болады. Өріптестерімізді республикалық байқау жеңімпаздары болуымен құттықтаймыз!

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР Өңделеді. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г күәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г күәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 888

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ, Аида ОРАЗОВА, Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА, Анэля ЖОНЫСОВА

СПОРТ-ТІЛШІ: НҰРЛЫБЕК НАУРЫЗБАЕВ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ауельбеков көшесі, 98. Тел.: 8-716-2-25-14-90